II МОДУЛЬ

АЗАМАТТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

# 8-сабақ
# Ерекше іс жүргізу бойынша сот шешімі

## 1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

мүдделі тұлға
нормативтік қаулы
фактілер тізбесі
академиялық демалыс
жеке мүліктік құқықтары
тұжырымға келу
жоққа шығармау
мән-жайды растау
зейнет жасына толу
заңдық маңызы бар
фактілерді анықтау

## 2. Тыңдаңыз, жазыңыз.

____________________
____________________
____________________
____________________
____________________
____________________
____________________
____________________
____________________
____________________

## 3. Сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| нормативтік | тізбесі |
| зейнет | демалыс |
| академиялық | қаулы |
| жоққа | растау |
| фактілер | шығармау |
| тұжырымға келу | жасына толу |
| мән-жайды | келу |

## 4. Тыңдаңыз және бос орынды толықтырыңыз.

2021 жылғы 26 тамыз № ________________ іс Қарағанды қаласы
Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының №2 аудандық ________ __________:
төрағалық етуші судья А.С Бекмахан,
Ж.Н Абиеваның хатшылығымен,
ашық сот отырысында ____________ _______ бойынша азаматтық істі қарады:
__________ ______________ :
Анар Серікқызы Әйткенова
_______________ ___________________ :
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының №1111 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі
__________ ____________ ___________:
заңдық маңызы бар фактіні анықтау
_____________ _____________:
арыз берушінің өкілі А.И Иманбеков



LIVEWORKSHEETS

## 5. Мәтінді тыңдаңыз, бос орынды толықтырыңыз.

Қазақстан ________________ Азаматтық процестік ____________ (әрі қарай – АПК) 305-__________ 1, 3-бөліктеріне сәйкес сот ______________ немесе заңды ______________ жеке не мүліктік ____________ туындауына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына байланысты болатын фактілерді анықтайды. Егер Қазақстан ________________ заңнамасында басқа заңдық маңызы бар фактілерді ____________ өзгеше тәртібі көзделмесе, оларды сот анықтайды.

Арыз беруші А.С. Әйткенованың оқу мерзімі, кезеңі және диплом алғандығы «Жезқазған ____________________ мемлекеттік мұрағаты» мемлекеттік ____________ 2021 жылғы 20 сәуірдегі, 2021 жылғы 24 маусымдағы, 2021 жылғы 13 тамыздағы мұрағаттық __________________ расталды.

Университетте 6 жыл бойы жоғары білім алу тиісті заңмен ____________, арыз берушінің академиялық демалыста болғандығы тиісті дәлелдемелермен расталды. Алайда, мұрағат құжаттарында аталған мән-жайды ____________ ____________ болмауына байланысты, сот арыз берушінің 1995 – 1996 жылдар ____________ академиялық демалыста болғаны туралы тұжырымға келді.

## 6. Мәтін бойынша сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| тұжырымға | растау |
| оқу | анықтау |
| дәлелдемелерді | келу |
| мемлекеттік | мерзімі |
| фактіні | мұрағат |

## 7. Мәтін бойынша ілік септігінде тұрған сөздерді жазыңыз.

құқықтарының

______________
______________
______________
______________
______________
______________

## 8. Мәтін бойынша дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

- Арыз беруші А.С Әйткенованың оқу мерзімі, кезеңі және диплом алуы бойынша мұрағаттық анықтамалары расталмаған. ✓
- Сот заңдық маңызы бар басқа да фактілерді анықтауға құқылы. ○
- Университетте 6 жыл бойы жоғары білім алу тиісті заңмен көзделмеген. ○
- Арыз берушінің 1995 жылдан бастап 1996 жылға дейінгі кезеңде академиялық демалыста болғандығы расталмаған. ○
- А.С. Әйткенованың университетте жоғары білім алғандығы туралы құжат мұрағат құжаттарында болған. ○



LIVEWORKSHEETS

## 9. Мәтін бойынша толықтырыңыз.

Соттар ____________ бар басқа да фактілерді анықтауға құқылы.

Сот арыз берушінің 1995 жылдан бастап 1996 жылға дейінгі кезеңде ________________ ________________ туралы тұжырымға келді.

Арыз берушінің ______________ ______________болғандығы тиісті дәлелдемелермен расталды.

Арыз беруші А.С. Әйткенованың оқу мерзімі, кезеңі және диплом алуы «Жезқазған қаласының мемлекеттік мұрағаты» ______________ ______________ 2021 жылғы 20 сәуірдегі, 2021 жылғы 24 маусымдағы, 2021 жылғы 13 тамыздағы ___________расталды.

## 10. Сөз тіркестерін дұрыс орналастырыңыз.

1. байланысты болатын /азаматтардың немесе заңды тұлғалардың/ /құқықтарының туындауына/ Сот/ өзгеруіне/ немесе тоқтатылуына / жеке не мүліктік / фактілерді анықтайды/
2. жоғары білім алу / 6 жыл бойы/көзделмеген / Университетте/тиісті заңмен/
3. / болғандығы /академиялық демалыста / расталды/ тиісті дәлелдемелермен/ Арыз берушінің/
4. басқа да фактілерді/ анықтауға /заңдық маңызы бар/ Сот/ құқылы.
5. расталды /оқу кезеңі / мұрағаттық анықтамалармен/ және диплом алғандығы/Арыз берушінің/

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# ШЕШІМ

2021 жылғы 26 тамыз № _______________іс Қарағанды қаласы

Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының №2 аудандық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.С. Бекмахан,
Ж.Н Абиеваның хатшылығымен,
ашық сот отырысында қойылған арыз бойынша азаматтық істі қарады:

## АРЫЗ БЕРУШІ:
Анар Серікқызы Әйткенова

## МҮДДЕЛІ ТҰЛҒА:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының №1111 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

## АРЫЗ БЕРУШІНІҢ ТАЛАБЫ:
заңдық маңызы бар фактіні анықтау

## СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
арыз берушінің өкілі А.И Иманбеков



LIVEWORKSHEETS

## СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Арыз беруші А.С. Әйткенова 1990 жылдың 03 тамызы мен 1996 жылдың 04 шілдесі аралығында Жезқазған педагогикалық институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша күндізгі оқу бөлімін бітіріп, тиісті диплом берілген.

## АРЫЗ БЕРУШІ:

Анар Серікқызы Әйткенова

## МҮДДЕЛІ ТҰЛҒА:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының №1111 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

## АРЫЗ БЕРУШІНІҢ ТАЛАБЫ:

заңдық маңызы бар фактіні анықтау

## СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:

арыз берушінің өкілі А.И Иманбеков

## СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Арыз беруші А.С. Әйткенова 1990 жылдың 03 тамызы мен 1996 жылдың 04 шілдесі аралығында Жезқазған педагогикалық институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша күндізгі оқу бөлімін бітіріп, тиісті диплом берілген.

1995 жылғы 15 тамыздағы еңбек кітапшасының №1 жазбасына сәйкес А.С.Әйткенова 1995 жылдың 26 қазанынан бастап оқушылар үйіне үйірме жетекшісі болып қабылданды.

Еңбек кітапшасындағы №2 жазбаға сәйкес А.С.Әйткенова 1996 жылдың 08 қаңтарынан бастап Ә.Бөкейханов атындағы орта мектепке қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі болып жұмысқа қабылданып, 1998 жылдың 10 тамызынан бастап өз еркімен жұмыстан босатылған.

Арыз беруші қазір «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұланының №1111 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінде қызмет етеді.

Осы саладағы еңбек өтілі негізінде зейнеткерлік жасына толуына байланысты зейнетақы төлемін тағайындау үшін кадр бөліміне құжаттар тапсырған.

Жезқазған қаласының мемлекеттік мұрағатының 2021 жылғы 24 маусымдағы мұрағаттық анықтамасына сәйкес «Жезқазған педагогикалық институтының» 1995-1996 жылғы бұйрықтарынан А.С. Әйткенованың академиялық демалыста болғаны туралы бұйрық табылмағандықтан сотқа арызбен жүгінді.

Сот отырысында арыз берушінің өкілі А.И Иманбеков өтініште көрсетілген уәждер бойынша арызды қанағаттандыруды сұрады.

Мұрағаттық анықтамасының болмауына байланысты академиялық демалыста болу фактісін сот актісімен растау қажеттігін көрсетті.



LIVEWORKSHEETS

## УӘЖДЕУ БӨЛІГІ

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 305-бабының 1, 3-бөліктеріне сәйкес сот азаматтардың немесе заңды тұлғалардың жеке не мүліктік құқықтарының туындауына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына байланысты болатын фактілерді анықтайды. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқа заңдық маңызы бар фактілерді анықтаудың өзгеше тәртібі көзделмесе, оларды сот анықтайды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы №13 «Заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы істер бойынша сот практикасы туралы» Нормативтік қаулысының 12-тармағына сәйкес азаматтар мен ұйымдардың АПК-нің 305-бабында келтірілген жеке не мүліктік құқықтарының пайда болуына, өзгеруіне немесе тоқтауына байланысты фактілер тізбесі түпнұсқасы болып табылмайды. Соттар заңдық маңызы бар басқа да фактілерді анықтауға құқылы.

Арыз беруші А.С. Әйтенованың оқу мерзімі, кезеңі және диплом алғандығы «Жезқазған қаласының мемлекеттік мұрағаты» мемлекеттік мекемесінің 2021 жылғы 20 сәуірдегі, 2021 жылғы 24 маусымдағы, 2021 жылғы 13 тамыздағы мұрағаттық анықтамаларымен расталды.

Сот арыз берушінің 1995- 1996 жылдар аралығында академиялық демалыста болғаны туралы тұжырымға келді.

## ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-ның 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

### ШЕШІМ ЕТТІ:

Анар Серікқызы Әйтенованың заңдық маңызы бар фактіні анықтау арызы қанағаттандырылсын.

Анар Серікқызы Әйтенованың, ЖСН 741201450203. 1995 жылдың маусым айынан 1996 жылдың маусым айына дейін «Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған Университеті» акционерлік қоғамында академиялық демалыста болғаны туралы фактісі анықталсын.

Шешімге наразы тарап АПК-нің 403,404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының №2 аудандық соты арқылы, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, шешім шығарылған күнінен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күнінен бастап бір ай ішінде апелляциялық шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Бекмахан



LIVEWORKSHEETS